

ҚР-НЫҢ АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ

Тақырып: Азаматтық істердің
ведомстволық бағыныстылығы.
Ведомстволық бағыныстылық түсінігі
мен түрлері.

Орындаған: Жантлеу.Қ.С

Тексерген: Абуов.А.А

Ведомстволық бағыныстылық ұғымы мен түрлері Ведомстволық бағыныстылық - құқық туралы немесе басқа да заңды ісін белгілі органның құзырлығына жатқызуы. Әр орган тек өзіне ведомстволық бағыныстылықтағы ғана сұрақтарды қарастыруға құқылы. Заңды істердің ведомстволық бағыныстылығы негізі заңмен және тек кейбір жағдаларда заңға сәйкес нормативтік актілермен анықталады

Қазақстан Республикасы заңдары
бойынша істер қарастыруға құқығы
бар органдар:



Соттар



Заңмен қарастырылған
атқарушы органдар




Басқа тұлғалар мен органдар




Аралық соттар

Ведомстволық бағыныстылық түрлері


Жекеше ведомстволық бағыныстылық - бір органның ведомстволық бағыныстылығындағы іс қарастыру, мысалы, азаматты психиатриялық стационарға мәжбүрлеп жатқызу туралы істер тек жалпы юрисдикциялық сотта шешіледі.




Көпше ведомстволық бағыныстылық - бірнеше органдар ведомстволық бағыныстылығында іс қарастыру, мысалы, мекемелер, мен жеке тұлғалар арасындағы мүліктік дау аралық сотпен немесе жалпы юрисдикциялық соттармен қаралып, шешілуі мүмкін.




Балама ведомстволық бағыныстылық - бұл талап қоюшының тандауы бойынша ведомстволық бағыныстылық.




Аралас ведомстволық бағыныстылық - басқа түрлерге тән белгілері бар ведомстволық бағыныстылық (көбінесе императивтік және балама).




Шарттық ведомстволық бағыныстылық - бұл тараптардың өзара келісімімен белгіленетін ведомстволық бағыныстылық.



Жағдайлы ведомстволық бағыныстылық - заңмен көзделген белгілі бір жағдай туындағанда іс тек соттың қарауында болуы.



Императивтік ведомстволық бағыныстылық - заңмен белгіленген кезек бойынша бірнеше юрисдикциялық органдармен іс қаралуы.



Сот ведомствосының қарауына жататын талап қою бойынша, ерекше талап қоюмен іс жүргізу және ерекше іс жүргізу істер болып бөлінеді.



Талап қою бойынша іс жүргізу істері: азаматтық, отбасылық, еңбек, тұрғын үй, әкімшілік, қаржы, шаруашылық, жер құқықтық қатынастарынан, табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қатынастар мен басқа да құқықтық қатынастардан, оның ішінде бір тараптың екінші тарапты билікпен бағындыруына негізделген қатынастардан туындайтын даулар жөніндегі талап қоюды қарайды.

Ерекше талап қоюмен іс жүргізу істері:
мемлекеттік орган немесе оның лауазымды адамы
қабылдаған актіге дау айту туралы және т.б. (ҚР
АІЖК 25-29 тарау) Ерекше іс жүргізу істері: заңдық
маңызы бар фактілерді анықтау туралы; азаматты
хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы және
азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы;
азаматты әрекетке қабілеті шектеулі немесе
әрекетке қабілетсіз деп тану туралы; азаматты
психиатриялық стационарға мәжбүрлеп жатқызу
туралы; заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің
банкроттығы туралы.



жылжымалы затты иесіз деп тану және жылжымайтын мүлікке коммуналдық меншік құқығын тану туралы; азаматтық хал актілері жазуларының дұрыс еместігін анықтау туралы; нотариаттық әрекеттерге немесе оларды жасаудан бас тартуға шағымдар бойынша; бағалы қағаздар көрсетуші адамның жоғалған бағалы қағаздар және ордерлік бағалы қағаздар (шақырту ісін жүргізу) бойынша құқытарын қалпына келтіру туралы; бала асырап алу туралы. Заңда ерекше іс жүргізу тәртібімен басқа да істерді қарау көзделуі мүмкін.

Назарларыңызға рахмет !!!